



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖОСПАРЫ

Астана және Алматы қалалары арасында «орталық-оңтүстік» дәлізін қайта құрылымдау бағдарламасының құрамында 67 км созылатын Қапшағай-Күрті автожолын қайта құрылымдау жобасы

Тамыз 2018 ж.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖОСПАРЫ

*Астана және Алматы қалалары арасында «орталық-оңтүстік»
дәлізінің құрамында 67 км созылатын Қапшағай-Күрті телімі*

Тамыз 2018 ж.

Байланыс ақпараты

Мүдделі тараптармен жұмысқа жауапты:

ТАӘ: Әлия Зейнуллина
Атауы: «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚФ экология және әлеуметтік мәселелер
жөніндегі маман - «Құрылыс дирекциясы»
Телефон: +7 701-982-66-57
Мекенжай: Республикi данғ, 24, Астана қ
E-mail: a.zeinullina@kazautozhol.kz
Веб-сайт: www.kazautozhol.kz

Мазмұны

Байланыс ақпараты

1. Кіріспе	4
1.1. Анықтамалық ақпарат	4
1.2. Осы Жоспар мақсаты	4
1.3. Осы Жоспар мазмұны	4
2. Жоба сипаттамасы	5
2.1. Жоба туралы жалпы ақпарат	5
2.2. Жолды қайта құрылымдау бойынша жоспарланған жұмыстар және ерекшеліктері	5
3. Консультациялар өткізу және ақпарат беруге арналған заңнамалық база	8
3.1. Қазақстан заңнамасының талаптары	8
3.2. ЕҚДБ талаптары	9
3.3. ЕЭА бойынша ЕО директивасы	9
3.4. Алдыңғы қатарлы халықаралық практика	10
3.5. Мүдделі тараптармен. өзара әрекетті есепке алу	10
4. Мүдделі тараптарды анықтау	11
4.1. Негізгі мүдделі тараптарды анықтау	11
4.2. Осы жоспарды әзірлеу кезінде анықталған мүдделі тараптар	12
4.3. Халықтың осал топтары	12
4.4. Жобға қатысты тұлғалар	12
4.5. Гендерлік мәселелер	13
5. Жергілікті оорғандардың мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасы және тәсілдері	14
5.1. Мүдделі тараптар мен халық арасында қалыптасқан өзара қаым-қатынасқа шолу	14
5.2. Болашақ өзара әрекет ету әдістерін қысқаша сипаттау	15
6. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасы	17
6.1. Ақпарат жариялау	17
6.2. Консультация	17
6.3. Болашақ бағдарлама	18
7. Есеп беру және хабарлама	20
7.1. Мониторинг, есеп беру және пікір білдіру тетіктері	20
7.2. Шағымдар қарастыру тетігі	21
7.3. Рольдер мен міндеттемелер	23
7.4. Қоғаммен жұмысқа жауапты	23
1-қосымша – Хабарламаларды есепке алу журналы	25

1. Кіріспе

1.1. Анықтамалық ақпарат

Осы құжат өзімен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің құрамында Автомобиль жолдары комитеті үшін (тапсырыс беруші «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ болып табылады) дайындалған мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жоспарын (МТӨЖ) білдіреді, онда Астана және Алматы қалаларын байланыстыратын «орталық-оңтүстік» дәлізінің бөлігі болып табылатын 67 км созылатын Қапшағай-Күрті телімін қайта құрылымдау жобасының шеңберінде байланыс арналары мен жоспарлар сипатталған.

МТӨЖ ұлттық заңнамаға, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкінің (ЕҚДБ) талаптары, Еуропалық одақ (ЕО) директивалары мен ақпарат жариялаумен байланысты халықаралық алдыңғы қатарлы жұмыс әдістеріне және қоғаммен консультация жүргізуге қатысты шолу берілген.

МТӨЖ – бұл тірі құжат, сондықтан оны кезеңді түрде талдау және жаңа іс-шараларды, Жоба бойынша жобалық шешімдерде өзгерістерді және жаңадан айқындалатын мүдделі тараптарды есепке алып жаңартып отыру керек болады.

МТӨЖ барынша толық ерекше мақсаттары төменде берілген.

1.2. Осы Жоспар мақсаттары

Осы МТӨЖ Жобаға әлеуетті әсер ету туралы ақпаратты толық көлемде және уақтылы беру үшін Тапсырыс беруші іске асыратын әдістер, процедуралар, саясат пен іс-шаралар қысқаша берілген.

МТӨЖ мүдделі тараптар кестесінен тұрады, онда барлық тиісті мүдделі тараптар көрсетілген және байланысудың барынша тиісті арналары мен өзара әрекет ету стратегиялары көрсетілген, ақпарат беру бойынша талаптар сипатталған және қабылданған хабарламаларды қарастыру процедуралары келтірілген. Егер қандай да бір мүдделі тұлғалар МТӨЖ қосылмаған болса, олар Тапсырыс берушімен Жоба туралы ақпарат алуға байланысқа шыға алады және оларды осы МТӨЖ мүдделі тараптарымен өзара әрекет ету бағдарламасына қосады.

1.3. Осы Жоспар мазмұны

Осы құжат мыналарды қамтиды:

- 2-бөлім – Жоба сипаты, жолдың орналасқан орны және негізгі экологиялық және әлеуметтік мәселелер;
- 3-бөлім – Қоғамдық консультациялар және ақпарат беруге қойылатын талаптар
- 4-бөлім – Мүдделі тараптар мен Жоба әсеріне түскен басқа топтарды анықтау
- 5-бөлім – Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бойынша іс-шараларға шолу
- 6-бөлім – Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасы және өзара әрекет ету әдістері мен ресурстары
- 7-бөлім – Өтінімдерді қарастыру тетігі

2. Жоба сипаттамасы

2.1. Жоба туралы жалпы ақпарат

ЕҚДБ Астана және Алматы қалаларын қосатын «орталық-оңтүстік» дәлізінің құрамында 67 км созылатын Қапшағай-Күрті жолының телімін қайта құрылымдау үшін қаржыландыру мәселесін қарастырады. Қаржыландыруды Инвестициялар және даму министрлігінің құрамында Автомобиль жолдары комитеті сұратты. Қапшағай-Күрті телімі 67 шақырым Қапшағай қаласында басталады және Күрті кеңшарында аяқталады. Жолдың осы телімі Алматыдан солтүстікке қарай шамамен 60 км орналасқан.

Ұсынылатын инвестициялар бар жолды қайта құрылымдау мен кеңейтуді, көпірді қайта құрылымдау мен қиылыстарды жаңғыртуды, сондай-ақ құрылысқа қадағалау қызметін, Жобаны іске асыру тобының Жобаны іске асыруына көмек (ЖІТ) мен институционалды құрамбірліктерді қамтиды.

ЕҚДБ Астана және Алматы қалалары арасында «орталық-оңтүстік» дәлізінің құрамында Күрті-Бурыбайтал» автожолында 228 км созылатын телім құрамында жол телімінің басқа жерін де қаржыландырды.

- 1-телім: км 2152-2214, ұзындығы 62 км Бурыбайтал – Аксүйек жол телімінің бөлігі
- 2-телім: км 2214-2295, ұзындығы 81 км Күрті - Бурыбайтал автожол телімінің бөлігі

2.2. Жолды қайта құрылымдау бойынша жоспарланған жұмыстар және ерекшеліктері

ЕҚДБ қаржыландыруға ұсынылатын Қапшағай-Күрті жолының телімі 67 км Балқаш жоғары жазықтығында, Балқаш көлінің оңтүстігіне қарай оңтүстік шығыста Жетісу Алатау, оңтүстікте Іле Алатау және батыста Шу-Іле таулары арасында жатыр. Осы бөлім оңтүстік шығыс бағытта өтетін Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы ірі «орталық-оңтүстік» транзиттік дәлізінің бөлігі. ЕҚДБ ертеректе іске асырған жобаларының шеңберінде жолдың жапсарлас телімдері үшін қаржыландыру бөлген.

Жол Балқаш жазықтығының оңтүстік-батыс өңірінде Қараой жазығы бойына оңтүстік шығыста Мойынқұм құмдарының жанында орналасқан орыннан өтеді. Жолдан солтүстікке қарай жазықтық Әбдіқұм құмдарымен шекараласады. Жазықтық Күрті өзені – Қаскелең өзені – Іле өзені араларында орналасқан.

Ұсынылатын жол телімі екі әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында орналасқан.

- 0 км - км 2 – Қапшағай қаласы (Алматы облысы);
- км 2 - км 67 – Іле ауданы (Алматы облысы).

Жобаланатын жол негізінен бар жолға ұқсас сол шекарада орналасқан, бірақ бес шағын телімдерде қайта пішіндеу болжанады.

Жоба өзіне түйістіру, қозғалыстың көлбеу таспалары, демалыс аумағы, автобус аялдамалары, ірі қара малға арналған жерасты өтпелері, ауыл шаруашылығы көлігіне арналған жерасты өтпелері, көпір, бағдаршам мен осы жолға арналған жол пайдалану телімі сияқты жаға құрылымдарды жаңғырту немесе жаңа құрылымдарын салуды қамтитын болады.

Осы жол дәлізі далалық-шөлейтті ландшафтта салыстырмалы тегіс орында өтетін болады. Жолды шағын ағындар арнасы қиып өтеді, негізінен тұрақты түрде олар кеуіп

3. Консультация өткізу және ақпарат беруге арналған заңнамалық база

3.1. Қазақстан заңнамасының талаптары

Қазақстан Республикасы 2000 жылы Орхусс конвенциясын ұзартты (2000 жылғы 23 қазандағы № 92-II ҚР Заңы), ол қоғамдық консультациялар өткізуге және экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдау барысында қоғамның қатысуына қойылатын талаптарды реттейді. Орхусс конвенциясы қоғамның қоршаған орта жағдайы туралы ақпарат алу құқығына, қоршаған ортаға әсер ететін жобаларға қатысты қоғамдық консультацияларға қатысу құқығына және егер қоғам қоршаған орта мәселелеріне жеткілікті назар аударылмаған деп санасы шағым беру құқығына ие екендігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 57-бабының 2-4-тармақтарына сәйкес (2007 ж.):

- Барлық мүдделі тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу барысында өз пікірін білдіре алады.
- Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы жобаны бастымашысы Интернетте, атқарушы билік органының қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті органының ресурсында оны алғаннан кейі бес жұмыс күні ішінде жариялауы керек болады.
- Жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына пікір білдіруге ие.
- Қоғамдық тыңдаулар өткізуге жергілікті атқарушы органдар жауап береді.

Экологиялық кодекске сәйкес (163-бап) барлық экологиялық ақпарат Қазақстан заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, қоғам үшін қол жеткізімді болуы керек. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 204-р бұйрығына сәйкес қоршаған ортаға әсер етулерді бағалаудың барлық кезеңдерінде:

- Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау (ҚОӘБ) жүргізу барысында мүдделі қоғамның хабардар болуы және қатысуын қамтамасыз етуі
- Мүдделі қоғамның ҚОӘБ материалдарына қол жеткізуін қамтамасыз етуі керек.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің негізгі арнасы жария тыңдау болып табылады. Қоғамдық тыңдаулар өткізуге қатысты Қазақстанның Қоршаған орта министрлігінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135 бұйрығы Қазақстан Республикасы азаматтары мен қоғамдық бірлестіктерінің қоршаған ортаның жағдайы туралы уақтылы және дәл ақпарат алуына және қоғамның экологияға елеулі әсер ететін шешімдер қабылдау процесіне қатысуға конституционалдық құқықтарын сақтау қағидаттарына негізделген. Қоғамдық тыңдауға қатысушылар мыналар болуы керек:

- Мүдделі тараптар.
- Қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар мен қауымдастықтар;
- Жергілікті атқарушы органдар және билік органдары, мемлекеттік органдары
- БАҚ болып табылады.

Бұйрықта қоғамдық тыңдаулар кезінде ҚОӘБ материалдары талқылануы керектігі және жергілікті билік органдары қоғамдық тыңдауларды ұйымдастырып өткізуге қатысуы керектігін қарастырылған. Тиісті мүдделі тараптар ҚОӘБ және жобаның басқа материалдарына қол жеткізуі туралы ақпарат жариялануы керек.

Қоғамдық тыңдаулар кезінде барлық тиісті мүдделі тараптар белгіленген тәртіпте баяндама жасауға және сауалдар қоюға құқылы болады. Жоба әзірлеушісі жазба жүргізелі және барлық баяндамалар, сауалдар, жауаптарды жинақтайды және жиналыс хаттамасын дайындайды.

3.2. ЕҚДБ талаптары

ЕҚДБ өзінің жұмысында экологиялық қауіпсіздікке көмектесу және өзінің Экологиялық және әлеуметтік саясатына (2014 жылғы мамыр) және 10 (ТР) іске асыруға қойылатын талаптарына сәйкес экологиялық қауіпсіз және орнықты дамуға көмектесетін болады: Ақпарат тарату және мүдделі тараптармен өзара әрекет. ЕҚДБ мүдделі тараптармен өзара әрекет етуге қойылатын өз талаптарын мына құжаттарда белгілейді.

- Экологиялық және әлеуметтік саясат (2014).
- Қоғамдық ақпарат саласында саясат (2014).
- ТР10 Ақпарат тарату және мүдделі тараптармен өзара әрекет (2014).

ЕҚДБ қоғамдық консультацияларды және мүдделі тараптардың тұрақты, маңызды және инклюзивті процесс ретінде қатысуын қарастырады, ол экологиялық процесс пен әлеуметтік бағалаудың ерте кезеңінде басталады және ЕҚДБ барлық қаржыландырылатын жоба бойына жалғасатын болады.

А санатты жоба болып Күрті-Қапшағай автожолының жобасы әлеуетті түрде қолайсыз экологиялық және/немес әлеуметтік салдарларға етулерге әкеле алады және сондықтан Тапсырыс беруші жобаның ір кезеңінде қатысушыларды қатыстыруы және олардың пікірлері тиісті жобалық құжаттарда ескерілуі керек болады. ҚОӘБ және басқа тиісті жобалық құжаттар қоғам үшін жарияланатын болады, ал жиі жаңартылатын ақпарат жылына бір реттен жиі емес тиісті барлық мүдделі тараптарға берілетін болады.

3.3. СЭБ бойынша ЕО Директивасы

Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) өткізу бойынша директива экологиялық және әлеуметтік/әлеуметтік-экономикалық салдарларды етулерге бағалауды, жоспарлар мен бағдарламаларды қабылдау мен жүзеге асыру салдары ретінде оларды жұмсарту бойынша шараларды, сондай-ақ олар бойынша шешім қабылдайтын тұлғаларға ақпарат тарату және қоғамның өз пікірі мен олар бойынша лебіздерін беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйелі әсілді қолдану қажеттігіне баса назар аударады. Осы біріктірілген тәсілді пайдаланумен бағалау екі негізгі құрамбірлікті қамтиды:

- Үқтимал маңызды әсер етулерді көрсетумен, сипаттаумен және бағалаумен және тиісті баламалар мен жұмсарту шараларын сипаттаумен экологиялық және әлеуметтік есептерді дайындау.
- Мүдделі тараптармен кездесулер және қоғамдық консультациялар ұйымдастыру (экологиялық, әлеуметтік, еңбек және/немесе жер мәселелеріне жауапты жергілікті билік органдарының, басқа билік органдарының, зардап шеккен тұлғалар, мүдделі тараптар, тиісті ҰЕҰ, академиялық мекемелердің қатысуымен).

Қоғамдық консультациялар және мүдделі тараптарды қатыстыру жұмыстары барлық іс-шаралар жоспарлары немесе бағдарламаларды қабылдағанға дейін аяқталуы керек .

3.4. Алдыңғы қатарлы халықаралық әдістері

Жобада жан-жақты және тиімді қатысудың түйінді қағидаттары мынаға кеп тіреледі:

- Түсінікті және мүдделі тараптардың мақсатты тобының (топтарының) қажеттіктеріне сәйкес келтірілетін пішін мен тілде маңызды ақпарат беру.
- Консультация өткізгенге және шешім қабылданғанға дейін ақпарат беру.
- Осы тәсілдермен және мүдделі тараптарға оған қол жектізуді жеңілдететін орындарда ақпарат беру және олар мәдени тұрғыдан тиісті болып табылады.
- Жергілікті дәстүрге, тілге, өткізу уақытықа құрмет және шешімдер қабылдау процедуралары есепке алып;
- Екі тарапқа пікір және ақпарат алмасу, олардың проблемаларын есту және тыңдау және оларды шешу мүмкіндігін беретін екі жақты диалог
- Пікір білдіруде инклюзивтілік, оның ішінде түрлі жас тобындағы өкілдер, жынысты, осалдылық және/немесе азшылықтың түрлі дәрежесіне ие тұлғалар
- Қортықпай немесе ырықсыз немесе ынталандырумен процестер
- Проблемаларды елеудің нақты тетіктері, ұсыныстар және адамдар шағымы.
- Орынды және жүзеге асырылатын кезде мүдделі тараптар пікірлерін өзірленетін жобалар немесе бағдарламаларға қосу және осы ақпаратты кері мүдделі тараптарға дейін жеткізу.

Осы қағидаттар қарастырылатын және егер ұлттық заңнама, ЕҚДБ талаптары мен алдыңғы қатарлы халықаралық жұмыс тәсілдері арасында ерекшеліктер байқалатын болса, Тапсырыс беруші қабылдайтын болады.

3.5. Мүдделі тараптармен өзара әрекетке есеп жүргізу

Жергілікті билік органдары/Қоғаммен жұмысқа жауапты (ҚЖЖ) өткізілген консультациялар бойынша жазбалар жүргізетін, отырыс хаттамаларын және бейресми өткізілген консультация көшірмелерін дайындайтын болады, бұл жағдайда мүдделі тараптарға берілген негізгі ақпаратты айқын белгілейді, сондай-ақ негізгі алынған хабарламалар, шағымдар мен мәселелерді жинақтайды, сондай-ақ қабылданған шараларға қысқаша сипаттама беретін болады.

Осы өзара әрекет ету процедурасының шеңберінде жергілікті билік органдары / ҚЖЖ мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бойынша осы іс-шараларға есеп жүргізіп жаңартатын болады және өткізілген іс-шаралар мен жобалар немесе бағдарламалар әсеріне түскен адамдар тудыратын негізгі жаңа мәселелерді жалпылайтын жыл сайынғы есептеп құрастыратын болады.

4. Мүдделі тараптарды анықтау

4.1. Негізгі мүдделі тараптарды анықтау

Осы бөлімде барлық тиісті мүдделі тараптар анықталған, оның ішінде өз мүддесін білдіретін және басқа да зардап шегуші тұрғындар, жергілікті, аудандық және облыстық билік органдары анықталған болады. Мүдделі тарап ретінде тіке немесе жанама қатыса алатын жеке тұлғалар мен ұйымдар да бола алады. Жобамен оң немесе теріс үлгімен өз пікірлерін білдіргісі келген тұлғалар кіреді.

Түйінді мүдделі тараптарды анықтау үшін мынадай анықтамалар қолданылуы керек:

- Мүдделі тараптар: жұмыстарды орындау нәтижелеріне мүдделі кез келген тұлға, топ немесе ұйым;
- Негізгі мүдделі тараптар: жобаға елеулі әсер ететін немесе оларға жоба елеулі әсер ететін кез келген мүдделі тараптар

Жобаны іске асыру үшін маңызды болатын басқа да серіктестік қатынастар болады, сондықтан міндетті талап жобаға әсіресе мүдделі және Тапсырыс берушінің пікірі бойынша жоба бойынша жұмыстар жүргізуге көмектесе алатын топтар немесе тұлғаларды анықтау болып табылады.

Мүдделі тараптарды мынадай санаттарға жинақтауға болады:

- Халықаралық (мысалы, инвесторлар, ХҚҚ).
- Үкімет (мысалы, Қазақстан Республикасы, тиісті министрліктер, Іле ауданының Әкімдігі, Қапшағай қаласының әкімдігі және тиісті жергілікті билік органдары мысалы Ақши ауылының Әкімдігі).
- Консультативтік үкіметтік емес ұйымдар.
- Қызмет/тауар жеткізушілер (жобалау компаниясы және жобаның іске асыратын келешек топ, Алматы облысында ҚазАвтоЖол филиалы мен тендер нәтижесінде іріктелетін мердігерлер).
- Клиенттер.
- Оқу мекемелері (мысалы, университеттер, колледждер, аналитикалық орталықтар).
- Өндірістік сектор (мысалы кәсіби құрылыс және инфрқұрылым ұйымдар).
- Ішкі мүдделі тараптар (мысалы қызметкерлер, еңбек ұжымдарының өкілдері, кәсіподақтар).
- Бүтін тұрғылықты халық (мысалы жоба әсеріне қалатын тұрғылықты тармақтар, жергілікті азаматтар тобы).
- Қоғамдық топтар (мысалы, ауруханалар, жергілікті мектептер, ұлттық мұра мекемелері).
- БАҚ.

Егер қандай да бір мүдделі тараптар жоғарыда келтірілген тізімге қосылмаған болса, бірақ олар Жоба туралы ақпарат алғылары келсе, оларға ЖҚҚ немесе жергілікті билік органдарының басқа да өкілдерімен байланысуы керек болады.

4.2. Осы жоспарды әзірлеу кезінде айқындалған мүдделі тараптар

Осы кезеңде айқындалған жобаның мүдделі тараптары 6.2-бөлімде олар пайдаланатын және олар үшін барынша жайлы болатын бұқаралық ақпарат құралдарын ескеріп, олармен өзара әрекет етудің ең үздік тәсілдерін талдаумен бірге

берілген. Тиісті мүдделі тараптарды анықтау Жобаны іске асыру процесі үшін шешуші мәнге ие болады. Жол бойыншағы шаруа қожалықтары тікелей Жоба әсеріне түседі. Бұдан басқа жобаға тікелей Күрті, Ақши ауылдары мен Қапшағай қаласы кіреді.

Осы процесс барысында анықталмаған мүдделі тараптар ЖҚҚ немесе олар тізімге енгізген жергілікті билік органдарының басқа да өкілдерімен байланысуы керек болады.

4.3. Халықтың осал топтары

ЕҚДБ осал топтарды анықтауына негізделіп, осы санат жыныс, этникалық иесілігі, жас мөлшері, физикалық немесе ақылының толық еместігі, экономикалық қолайсыздығы немесе әлеуметтік мәртебесі бойынша басқаларына қарағанда жылжу әсеріне түсетін және өзінің көшірілуі бойынша көмек талап ете немесе оны пайдалануда шектелген және тиісті даму пайдасына ие емес тұлғалар түсе алады.

Көшу контексінде осал топтарға кедейшіліктен тыс жатқан, жері жоқ, егде адамдар, үй шаруасындағы әйелдер мен балалар, этникалық аз топтар немесе жерге арналған ұлттық өтеу немесе жерге меншік құқығының көмегімен қорғала алмайтын тұлғалар да жатқызылады.

Қатысы бар тұлғалар туралы деректер негізінде, шамамен 28 фермер мен 3 коммерциялық және өндірістік компания жердің меншік иелері болып табылмайды, сондықтан да ЕРДБ ТР5 негізінде оларға тиесілі болатын барлық компенсациялық төлемдерден айырылып қалулары мүмкін. Бұдан басқа әйелдер, егде адамдар, мүгедектер мен созылмалы ауруға ие тұлғалар немесе төмен әлеуметтік-экономикалық мәртебеге / шығу тегіне ие тұлғалар «осал топтар» санатына жатқызылады және олардың проблемаларын осы МТӨЖ іске асыру барысында шешу керек болады. ЖҚҚ жобасын іске асыру кезінде осал топтар анықтала алады, олар кейіннен МТӨЖ қосылады және олар үшін ақпарат жеткізудің барынша тиісті тәсілдері анықталатын болады.

4.4. Жобаға қатысты тұлғалар

Жобаға байланысты экономикалық көшуге түсе алатындарға қосымша, құрылыс дәлізіне және жол салу қызметіне жақын қашықтықта (кемі 500 м) орналасқан жеке тұлғалар мен үй шаруашылықтары «жобаға қатысы бар тұлғалар» санатына жатқызылады. Осы кезеңде аталған тұлғалар «Рецепторлар» деп жіктеледі және жұмсарту бойынша мынадай шаралар ұсынылады:

- Оңтүстік батысқа 400 м орналасқан үй және Күрті ауылына қосылудан оңтүстікке қарай 300 м кафе бұрғылау жару жұмыстары үшін сал бола алады. Кафе алысқа шығатын жүргізушілер арасында танымал. Құрылымға келтірілетін зияндарды есепке алуды қамтамасыз ету үшін бұрғылау жарылыс жұмыстары басталғанға дейін иесінің қатысуымен құрылымды тексеру өткізілетін болады. Базалық жағдай туралы есептерді иелері қол қояды. ЖҚҚ екі жылжымалық мүлік нысанына өзінің байланысын және графигі мен ондағы жұмыстың жылжу шамасына қарай өзгерістерді қоса құрылыс туралы ақпаратты беруі керек. Кез келген шағымдар тіркелуі және олар бойынша әрекеттер бірден қабылдануы керек. Жарылыс жұмыстарының соңында осы нысандарға тексеру өткізіледі және құрылымдық бұзылуға қатысты кез келген жаңа мәліметтер тіркелуі керек болады. Есепке иесі қол қояды. Бұрғылау жару жұмыстарын жасағанға дейін есепте болмайтын бұзылуларға жөндеу жұмыстары жүргізілуі керек.

- Күрті ауылынан небәрі 50 м қашықтықта орналасқан 4 қожалық тозаң, шу және дірілден құрылыстың ауа ластануына түсірілетін болады. Қожалық үйі АПқшим ауылында тұратын иесінің жалғыз мекені болып табылмайтынына және үй жұмыс орны ретінде пайдаланылатынына орай, уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. ЖҚҚ немесе оның тағайындаған тұлғасы иесімен бірге жер жұмыстарын жүргізгенге дейін орынға баруы және оған кеңістіктік және уақыт созылуына болыпша сипатын, жалпы жұмыс көлемін, болжанатын әсер етулерді және әсерлерді жеңілдету бойынша шаралар мүмкіндіктерін хабарлауы керек (мысалы егер иесі тым жоғары діріл деңгейі туралы хабарлайтын болса, роликтердің діріл күштерін төмендету). ЖҚҚ иесіне өз деректерін береді.

4.5. Гендерлік мәселе

Осы ТІКЖ және келешек өзара әрекет ету әдістерін әзірлеу кезінде гендердің мәселелер ескерілетін болады. Өзара әсер ету шаралары әйелдер оларға қатыса алатындай үлгімен жоспарланған, яғни өткізу орны мен уақыты олардың отбасылық өмірі мен олардың шаруашылық бойынша міндеттемелерін ескереді. Әйелдердің консультацияларға қатысуын қамтамасыз етудің және оларға Жобаның түрлі аспектілері бойынша өз пікірлерін білдіру тәсілдері көптеп бар. Әйелдермен жерді сатып алу, құрылыс лагерлерін, карьерлерді және жерасты өтпелерін орналастыру мәселелерін талқылаумен қоса, консультациялар өткізілетін болады.

5. Жергілікті органдардың мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасы және тәсілдер

5.1. Мүдделі тараптар мен халық арасында бар өзара қарым-қатынасқа шолу

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес міндетті талап болып табылады (қосымша ақпаратты 3.1-бөлімінде қара). «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ немесе Тапсырыс беруші тиісті министрліктер, қалалық, аудандық және ауылдық Әкімдіктермен тығыз ынтымақтастық етеді. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету тұрмыстық деңгейде жүзеге асырылады, сол арқылы жергілікті тұрғындар мен жергілікті билік органдары арасында өзара қарым-қатынас нығая түседі.

ҚОӘБ Қазақстан Республикасының автожолдарды жобалау және салуға арналған қағидалары, нормалары мен стандарттарына сәйкес дайындалды. ҚОӘБ бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы 2017 жылғы 29 мамырда алынды.

ҚОӘБ әзірленген Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарында (ЭӘІЖ) және жобаларды іске асыруға ЕҚДБ талаптарын толығымен орындау, ЕО стандарттары және алдыңғы қатарлы халықаралық практиканы ұстанумен нақты шаралар ұсынылған проблемаларды айқындау мақсатында қайта қаралды.

ҚОӘБ дайындау кезінде екі жария отырыс өткізілді. Олардың бір ашық жиналысында 2015 жылғы 3 желтоқсанда Әкімшілікте Күрті ауылдық округінің Ақши ауылында өткізілді. Кездесуді Ақши ауылының Әкімдігі ұйымдастырды. Іс-шараға шақыру және қандай мәселелер талқыланатыны туралы қосымша ақпарат 2015 жылғы 13 қарашада «Іле таңы» жергілікті газетінде орыс және қазақ тілдерінде жарияланды.

Екінші ашық жиналыс 2016 жылғы 15 мамырда Қапшағай қаласының Әкімдігінде өткізілді. Кездесуді ҚазАвтоЖол мен Қапшағай қаласының Әкімдігі ұйымдастырды. Іс-шараға шақыру және қандай мәселелер талқыланатындығы туралы қосымша ақпарат 2016 жылғы 8 маусымда Нұрлы Өлке» жергілікті газетінде № 25 (382) нөмірінде жарияланды. Осындай алдын ала хабарлау хабарламаны жариялау мен тыңдау арасында кемі 20 күн өтуі керектігін талап ететін қоғамдық консультация өткізу талаптарына сәйкеспейді. Газетте жариялағаннан басқа осы аумақта тұрғын үйлердің барлығының пошта жәшіктерінде, сондай-ақ Қарлығаш ауылында барлық кәсіпорындарында ашық тыңдау туралы ақпаратпен плакаттар орналастырылды. Барлық келешек қоғамдық консультацияларды ұйымдастыру кезінде хабарламаны жариялау мен жиналысты өткізу арасында талап етілетін кезеңнің өтуі маңызды.

Нысанға 2018 жылы WSP компаниясы барған кезде көптеген жер пайдаланушылар мен жол бойыншағы жер иелері Іле ауданы аудандық әкімдігімен және Күрті ауылы әкімдігімен жер сатып алу процесі бойынша консультациялар өткізілді. Жерді алу бойынша бойынша консультациялар туралы қосымша ақпаратпен Өмір сүруді қамтамасыз етуді қалпына келтіру қағидастарында (ӨҚҚ) танысуға болады.

Қоғамдық консультация мақсаттары жол пішінін тегістеу, ірі қара мал үшін жерасты өтпелері, жол жабыны және т.с.с. сияқты жол құрылысының түрлі элементтерін таныстырудан тұрады. Барлық телімдер өз пікірін білдіру және Жобамен байланысты сауалдар қою мүмкіндігін алды.

Қазіргі уақытта хабарламалар немесе шағым берудің формальді тетігі жоқ, алайда адамдар қандай органға бару керектігін біледі және олармен телефон, пошта немесе электрондық пошта арқылы өз проблемалары және пікірлерімен бөлісу үшін хабарласа

алады. Сондықтан осы МТӨЖ шеңберінде жоба туралы шағымдар, пікірлер мен сауалдарды есепке алудың тиісті нысандарымен шағымдар қарастырудың ресми тетігін құру және 3-суретте көрсетілгендей процесті басқару үшін тағайындалған тұлғалар және лауазымды міндеттемелерімен институционалды құрылым қалыптастыру ұсынылады.

«ҚазАвтоЖол» ҰК" АҚ жергілікті билікті ТІКЖ іске асыруға және зардап шеккен тұлғалар үшін жергілікті үйлестіруші ретінде қызмет ететін шағымдарды қарастыру тетіктерін іске асыруға жауап беретін ЖҚҚ тағайындауға ынталандыруы керек.

ЖҚҚ туралы, оның ролі мен міндеттемелері туралы барынша толық ақпаратты 7.4-бөлімде табуға болады. Алматыда орналасқан ҚазавтоЖол филиалы жобаны іске асыру тобының (ЖІТ) жұмысына жауап беретін орган болып табылады, ол ЕҚДБ қаржыландыратын жолдың басқа телімдері үшін құрылған.

Өрі қарай тендерге жол салу компанияларын шақыруды жариялау сондай-ақ құрылысқа қадағалау консультантын тағайындау.

Жобаны іске асыру үшін барлық қажетті рұқсаттар, оның ішінде аудандық кеңестер тас материалдарын жасауға және уақытша жер алуға қатысты рұқсаттар алынған. Құрылыс мердігері жұмысшы лагерь жоспарын және бұрғылау жару жұмыстарының жоспарын құрылысты бастағанға дейін жұмысқа тапсырыс алу үшін Төтенше жағдайлар департаментіне жолдап нысан құрылысына рұқсат алу керек болады. Бұрғылау жару жұмыстарын лицензияланған компания келісімшарт бойынша жүргізетін болады, ол жарылғыш заттектердің қауіпсіз сақталуы мен пайдалануына жауапты болады.

5.2. Болашақ өзара әрекет ету әдістеріне қысқаша сипаттама

Мүдделі тараптардың келешек қатысуы бар жүйе және тиісті жергілікті билік органдарының белсенді қатысуы жағдайында мүдделі тараптармен өзара әрекет ету құрылымына негізделетін болады. Болашақ қызметті жоспарлап консультация өткізу мен ақпарат берудің барынша жүйелі тәсілін қарастыру, сондай-ақ тиісті мүдделі тұлғаларда бар деректерге есеп жүргізу керек болады. Мүдделі тараптарды қатыстыру бойынша іс-шаралар мына ақпаратты тұрақты түрде белгілейтін болады:

- Жарияланатын ақпарат түрі, жариялану күні мен нысаны және тарату арналары.
- Жиналыстар хаттамалары, қатысушылар тізімі және зардап шегуші тұлғалармен ұйымдастырылған барлық кездесулерді өткізу орындары..
- Олармен консультациялар өткізілген тұлғалар, топтар, ұйымдар мен мекемелер.
- Зардап шегуші тұлғалар талқылап көтерген түйінді мәселелер мен проблемалар.
- Елеу тетіктері, кейінгі іс-әрекеттер және тексерулер.
- Шаралар мен процедуралар туралы құжаттама, сондай-ақ мүдделі тараптарға жолданған жауаптар.

Құрылыс кезеңінде ЖІТ жобаларды басқару консультанты (ЖБК) ролін атқаратын болады, ол ауыл тұрғындары мен ауыл активі және басқа ұйымдар Жоба туралы ақпарат беру мақсатында өткізетін жиналыс нәтижелері бойынша ішкі мониторингке қатысты есеп дайындауды қамтитын болады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бойынша іс-шаралар туралы ақпарат тұрақты түрде жаңартылатын болады, оған жобамен байланысты қоғаммен өткізілген консультациялар туралы барлық деректер қосылатын болады.

6. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасы

6.1. Ақпаратты жариялау

Жарияланатын ақпарат түрлері, сондай-ақ осы жоба үшін жергілікті билік органдары пайдалануы керек ақпарат берудің нақты әдістері төменде 1-кестеде мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасында қысқаша берілген. хабарласу мақсаттары – зардап шегуші тұлғалармен және басқа тиісті мүдделі тұлғалармен тұрақты өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету және барлық өткізілетін іс-шаралар туралы, міндеттемелерді орындау, жобаны әзірлеу және іске асыру туралы хабарлау кіреді. Жариялануы тиіс ақпарат ЕҚДБ, ТР10 жария саясатына және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі..

МТӨЖ – бұл тірі құжат және ол Жобаға өзгерістер енгізілуімен және егер орын алса, жаңа мүдделі тараптардың пайда болуымен байланысты мүдделі тараптармен өзара әрекет етуде өзгерістерді көрсету үшін жыл сайынғы негізде жаңартылатын болады. Жариялануы тиіс ақпарат, егер жобалық шешімдерге, графиктің өзгеруі немесе әсер ету саласында өзгерістер жағдайында өзгеріс енізілген жағдайда өзгертіле алады. Ақпаратты жеткізудің сыртқы және ішкі әдістері және жариялануға жататын ақпараттың өзі 1-кестеде көрсетілгендей, қорытынды болып табылмайды. Тапсырыс беруші мүдделі тараптар өтінімі бойынша үлкен ақпаратты жариялауға шешім қабылдай алады.

Жергілікті биліктер ЖҚҚ зардап шегуші тұлғалар үшін басты байланысушы тұлға ретінде тағайындауынан басқа жобаға қатысты ішкі және сыртқы байланыстарға жауап береді. Жобамен байланысты барлық жоба құжаттары мен хабарламалар орыс/қазақ тілдерінде қол жеткізімді болады.

6.2. Консультациялар

Тиісті жер иелерімен/пайдаланушылармен (жерге ресми құжаттары бар және жоқ) консультациялар

Өмірмен қамтамасыз етуді қалпына келтірудің қағидаттарына (ӨҚҚ), содан кейін өмірмен қамтамасыз етуді қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарына (ӨҚКЖ) тиісті жер иелерімен/жер пайдаланушылармен жерді сатып алу (уақытша және тұрақты), өтемақы шаралары мен бар құралдарды қалпына келтіру бойынша кездесулер өткізілетін болады. Кездесулер жергілікті әкімдер арқылы жер сатып алу процесі басталғанға дейін өткізілетін болады.

Тиісті тұлғалар және осал топтармен консультациялар

Жоба әсер ететін аймақтағы барлық тиісті тұлғалар мен осал топтар жобаның барлық өмірлік циклі бойына консультация алатын болады. Әр аудан әкімдері осы кездесулер өткізілуіне жауапты болады. Фокус-топтар әйелдер, мүгедектер, қарттар және кедей өкілдермен өткізілетін болады, ол олардың қажеттіктері мен проблемалары Жобамен байланысты шешілуі үшін қажет болады. Жергілікті халықтар құрылыс лагерльдердің, жаңа керьерлер (егер болса) және жерасты өтпелерінің оналасу орны бойынша консультация алатын болады.

ЭЭӘБ бойынша жария тыңдаулар

Жария тыңдаулар өткізілетін болады, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың ЭЭӘБ бойынша берілген есебін қарастыру өткізілетін болады (техникалық емес шолу және іс-әрекеттің экологиялық және әлеуметтік жоспарын қоса). ЕҚДБ талаптарына сәйкес

ақпаратты ашу кезеңі 120 күнді құрайды. ЭӘӘБ есебі аудандық орталықта орналастыратын болады және Жоба оған қатысты халықтың барлық рұқсатына қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек болады. Осы консультациялар нәтижелері ЭӘӘБ қорытынды құжатына қосылатын болады.

6.3 Болашақ бағдарлама

Төменде қоғамдық консультациялар өткізудің жоспарланған бағдарламасы мен жарияланған ақпарат берілген. Осы бағдарлама өзіне мүдделі тараптардың ағымдағы проблемаларын қарастыру үшін қажетті кешіктірілмейтін консультациялар мен іс-шаралар өткізілуін, сондай-ақ жобаның барлық өмірлік циклі бойына ақпарат жариялау мен жиі өткізілетін консультацияларды қамтитын болады.

МТӨЖ іске асыруға жауап беретін байланысушы тұлға:

Аты: Әлия Зейнуллина
Атауы: «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚФ экология және әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман - «Құрылыс дирекциясы»
Телефон: +7 701-982-66-57
Мекенжай: Республикасыдан 24, Астана қ.
E-mail: a.zeinullina@kazautozhol.kz
Веб-сайт: www.kazautozhol.kz

Жергілікті билік және ЖҚҚ осы жобамен байланысты барлық пікірлер мен жауаптарды жинақтайды және оларды құжаттайды.

Барлық алынған пікірлер 3.4-бөлімінде келтірілген "Талаптар" тармағында сипатталғандай "Алдыңғы қатарлы халықаралық жұмыс әдістеріне" сәйкес алынған міндеттемелерге сәйкес қарастырылатын болады. Барлық алынған хабарламалар өтінімдер мен мүдделерді қанағаттандыру мақсатында мүмкін өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылатын, ал хабарлама жолдаған тұлғаға қарастыру қорытындылары туралы ақпарат берілетін болады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасы төменде 1-кестеде толық сипатталған.

1-кесте Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағдарламасы

Мүдделі тараптар	Байланысу тәсілі	Жариялануға тиіс ақпарат	Мерзім
Жер сатып алумен байланысты (жер иелерін / ресми құжаттары бар немесе жоқ пайдаланушыларды қоса) немесе қол жеткізуі шектелген тұлғалар	Ақпарат қалқандары пошта жәшіктерінде және қойшыларға және жергілікті әкімдер көмегімен қожалық иелерінің үйлеріне бару	ҒКК (ҒЫЛЫМИ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС деп таратылады, шағымдарды қарастыру тетігі, вакансиялар, ҚОӘБ, ҚОӘБ толықтырулар, ПМВЖ/ПВЖ, МТӨЖ, ЭӘІЖ қосымша, салу мерзімдері, құрылыс лагерлерінің, жерасты өтпелері мен әлеуетті жаңа керьерлердің орналасқан орны (егер ондай болса)	Құрылыс басталғанға дейін. Жобаны іске асыру кезінде апта сайын шағымдар бойынша ақпаратты жаңарту және вакансиялар бойынша ақпаратты тоқсан сайын жаңарту
Тиісті тұлғалар, қожалық пен ауыл тұрғындары мен жұмыскерлері	Ақпарат қалқандары пошта жәшіктерінде және жеке кездесулер. Құжаттар Қараой, Акши, Күрті ауылдары мен Қапшағай қаласына өтінімдер бойынша	ҒКК, шағымдарды қарастыру тетігі, вакансиялар, ҚОӘБ, ҚОӘБ толықтырулар, ПМВЖ/ПВЖ, МТӨЖ, ЭӘІЖ қосымша, салу мерзімдері, құрылыс лагерлерінің, жерасты өтпелері мен әлеуетті жаңа керьерлердің орналасқан орны (егер ондай болса)	Құрылыс басталғанға дейін. Жобаны іске асыру кезінде апта сайын шағымдар бойынша ақпаратты жаңарту және вакансиялар бойынша ақпаратты тоқсан сайын жаңарту
Жосы ауданда басқа ауылдар тұрғындары	Ақпарат қалқандары пошта жәшіктерінде және жеке кездесулер. Құжаттар Қараой, Акши, Күрті ауылдары мен Қапшағай қаласына өтінімдер бойынша	ҒКК, шағымдарды қарастыру тетігі, вакансиялар, ҚОӘБ, ҚОӘБ толықтырулар, ПМВЖ/ПВЖ, МТӨЖ, ЭӘІЖ қосымша, салу мерзімдері, құрылыс лагерлерінің, жерасты өтпелері мен әлеуетті жаңа керьерлердің орналасқан орны (егер ондай болса)	Құрылыс басталғанға дейін. Жобаны іске асыру кезінде апта сайын шағымдар бойынша ақпаратты жаңарту және вакансиялар бойынша ақпаратты тоқсан сайын жаңарту
Өңірлік қоғамдастық	Газеттер, интернет, Алматы қаласында вакансия орталығы	ҒКК, шағым арастыру тетігі, вакансиялар	Тоқсан сайын жаңарту
Облыстық БАҚ	Телефон, электрондық пошта	Өтінім бойынша жоба және ҒКК бойынша толық ақпарат	Тоқсан сайын жаңарту
Жергілікті ҰЕҰ	Телефон, газета, құжаттар және өтінім бойынша жиналыс	Өтінім бойынша жоба және ҒКК бойынша толық ақпарат	Тоқсан сайын жаңарту
Ауылдық және аудандық әкімдіктер	Кездесі, телефон, электрондық пошта,	ҚОӘБ, ҚОӘБ толықтырулар, ҒКК,	Тоқсан сайын жаңарту

	ауылдық әкімдік ғимаратында ақпарат тақтасы	МТӨЖ, ЭӘІЖ, бос орындар	
Құрылыс жұмысшылары	Ақпарат тақтасы және құрылыс лагерінің асханасында кездесулер	ҒКК, денсаулықты қорғау және ҚТ бойынша талаптар, жұмыскерлерді қорғау талаптары, жұмыскерлер тарапынан шағымдарды қарастыру тетігі	Құрылыс басталғанға дейін, құрылыс кезінде ай сайынғы жаңартулар
Тауар мен қызмет көрсетушілер	Күрті ауылында пошта жәшіктерінде және Алматы қаласында ҚазАвтоЖол ғимаратында ақпарат тақтасы, интернет	ҒКК, тендерлік құжаттама және тендер нәтижелері, мерсидігерлерді іріктеу процесі, ДҚҚТ мен сатып алу кезінде жұмыскерлерді қорғау талаптары, шағым қарастыру тетігі	Тоқсан сайын жаңарту
Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (СЭҚ)	Келісуге қолмен жеткізу тәсілімен СЭҚ кеңсесіне құжаттарды жеткізу	ҚОӘБ, жұмыскерлер лагерінің орналасу схемасы	Мемлекеттік сараптамаға дейін ҚОӘБ
ТЖ басқармасы	Ресми электрондық хабарлама, облыстық департаментке телефон қоңыраулары мен жиналыс	ҚОӘБ, ТЖ дайындық және елеу жоспары	Құрылыс басталғанға дейін және ТЖ кейін есеп
Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы	Ресми хат-хабар	Жол астында және жайылым таспаларының жеткілікті саны жағдайында мақұлдау	Толық жоба аяқталғанға дейін
Ауыл шаруашылығы министрлігі	Хат-хабар, есептерді Астанаға кеңсеге және облыстық департаментке қолма қол жеткізу	ҚОӘБ, лақтырындылар туралы, ресурстар пайдалану және заңнама мен рұқсаттарды сақтағаны туралы есептер	Құрылыс басталғанға дейін, құжаттарды беру екі жылда бір рет
Халықаралық ҰЕҰ және барлық жоғарыда аталғандар	Тіке байланыссыз, құжаттар ЕҚДБ және ҚазАвтоЖол веб-сайтында	ҒКК, ҚОӘБ және толықтырулар	ЕҚДБ директорлар кеңесінде қарастырылғанға дейін 120 күн және барлық қарыз бойына

7. Есеп беру және хабарласу

7.1. Мониторинг, есеп беру және пікір беру тетіктері

Жергілікті билік және ОРО бұқаралық ақпарат құралдары, жеке кездесулер және кезеңді жиналыстар сияқты байланыс арналарын тексеретін және қажет жағдайда кері

байланыс беретін болады. Пікірлер мен ұсыныстар кітабы жария консультациялық жиналыстарға қатысатын мүдделі тараптар үшін қол жеткізімді және аноним пікірлер үшін әкімдікте орналасатын болады. Осы кітап жалпы қол жеткізілетін орында орналастырылатын болады, бірақ онда ол кеңсе қызметкерімен тікелей бақыланатын болады, сонда орналасатын болады (мысалы шығаберісте). Жергілікті билік және ОРО осы ақпаратқа мүдделі тараптарға жауап беру және кер байланыс орнату бойынша есепке алатын болады.

Тәуелсіз консультанттар ЭӨІЖ іске асырылуына жыл сайынғы мониторингке сәйкес шағымдарды қарастыру тетіктерін іске асыруды қоса МТӨЖ іске асыруға мониторинг өткізетін болады. Осы мақсатпен жария тыңдаулар бойынша құжаттама зерттелетін, ақпарат жарияланатын және МТӨЖ шеңберінде мүдделі тараптардың қатысуы үшін кез келген басқа нысанда зерттелетін болады.

7.2. Шағымдар қарастыру тетігі

Тапсырыс беруші мүдделі тараптар мен тұрғылықты халықтан келетін барлық пікірлер мен шағымдарды елеуін қамтамасыз ету үшін шағымдар қарастыру тетігі іске асырылатын болады. Шағымдарды қарастыру тетігін басқаруға қатысатын персоналды тағайындау мен оқытуға басты назар аударылатын болады. Шағымдарды қарастыру тетігінде қызметкерлер және қызметкер еместер қатыса алады (яғни зардап шегуші тұлғалар және басқа да сәйкес мүдделі тараптар).

Барлық ескертулер немесе проблемалар компанияға ауызша немесе жазбаша нысанда (пошта арқылы немесе электрондық пошта бойынша) немесе шағым нысанын толтыру жолымен (мысалы қосымшада – 3-сурет) жеткізіле алады. Шағымды нысанын әкімдікте, мектепте, жалпы пайдалану орныдарында және шағымды қарастыру тетігін сипаттаумен қатар барлық тиісті мүдделі тараптар үшін қол жеткізімді басқа да қоғамдық орындардан алуы болады. Толтырылған шағым нысанын байланыс ақпараты 6.2-бөлімде берілген тұлғаға жолдау керек болады.

Шағымдар қарастыру процедурасы:

- Растау алу 14 жұмыс күні ішінде.
- Жауап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі керек.

Арнайы тағайындалған және оқыған персонал арнайы журналда хабарламаларды есепке алады. Мыналар көрсетілуі керек болады:


- Шағым берушінің аты және байланысу ақпараты.
- Хабарлама мәні мен қашан жолданғаны, алынғанын растау, қандай жауап берілді және қалай жабылғанын сипаттау.

Барлық процесс 2-суретте көрсетілген.

Жеке тұлғалар олардың атының құпиялығын сақтауды сұрауға құқылы болады және осы тетік адамдардың шағымдарын өзге заңды тәсілдермен қарастыру құқығынан айырмайды.

1-қосымшада мониторинг мақсатында пікірлер, хабарламалар мен шағымдарды есепке алу журналы келтірілген.

2-сурет Шағымдарды қарастыру процедурасы



7.3. Рольдер мен міндеттемелер

Бүтін консультациялар өткізу және ақпарат беру үшін жергілікті билік органдары мен ОРО, оның ішінде консультация ұйымдастыру мен өткізуге, ақпаратты аталған мүдделі тараптарға бергені үшін, пікірлер/шағымдарды жинақтау және өңдеу және осындай пікірлер мен шағымдарға жауап үшін жауапты болады. Пікір/шағым сипатына байланысты, кейбір осындай пікірлер немесе шағымдар мемлекеттік органда тиісті маманға жолдана алады, ол шаралар қабылдауы тиіс болады.

Жауапты тұлғаның ТАӘ және лауазымы	Байланыс ақпараты
Әлия Зейнуллина «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚФ экология және әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман - «Құрылыс дирекциясы»	Телефон: +7 701-982-66-57 Мекенжай: Республика данғ, 24, Астана қ Эл.пошта: a.zeinullina@kazautozhol.kz Веб-сайт: www.kazautozhol.kz

7.4. Қоғаммен жұмысқа жауапты

ҚазАвтоЖол ҰК АҚ Қоғаммен жұмысқа жауаптыны (ҚЖЖ) тағайындауды немесе қосалқы мердігерлікке жалдайды, ол қоғаммен байланысқа және жергілікті халықпен байланыс орнатуға жауапты болады. ҚЖЖ Жоба бойына қол жеткізімді болады және елеулі деңгейде МТӨЖ енгізуге жауапты болады, атап айтқанда пікірлер мен ескертулерді құрылыс кезеңінде алады және жолдайды, сондай-ақ құрылыс барысында және пайдалану кезеңінде шағымдар қарастыру тетігін басқаратын болады. ҚЖЖ Жобаға тікелей жақындықта болады және өзінің олар үшін қол жеткізімділігін қамтамасыз ету үшін зардап шегушілерге тараптарға жақын болады.

3-сурет Шағым беру нысаны

Тіркеу №:	
<p>ТАӘ Ескертпе: сіз егер қажет деп тапсаңыз өз атыңызды көрсетпеуіңізге болады немесе оны сіздің келісіміңіз үшінші тұлғаларға көрсетпеуге өтінім бере аласыз</p>	<p>Менің атым _____</p> <p>Менің тегім _____</p> <p><input type="checkbox"/> Мен шағымды аноним бергім келеді</p> <p><input type="checkbox"/> Менің атымды келісімімсіз көрсетпеді сұраймын</p>
<p>Байланыс ақпараты</p> <p>Сізбен қалай хабарласқанды белгілеңіз (пошта арқылы, телефон электрондық пошта арқылы)</p>	<p><input type="checkbox"/> Пошта арқылы: Өзіңіздің пошта мекенжайыңызды көрсетіңіз: _____</p> <p><input type="checkbox"/> Телефон арқылы: _____</p> <p><input type="checkbox"/> Электрондық поштамен _____</p>
<p>Қай тілде хабарласқан дұрыс</p>	<p><input type="checkbox"/> Орыс</p> <p><input type="checkbox"/> Қазақ</p>
<p>Шағым мәнін сипаттау: Не болды? Қай жерде болды? Кіммен болды? Нәтижесінде қандай проблема туындады?</p>	
<p>Оқиға/жағдай күні</p>	
<p><input type="checkbox"/> Бір рет болды (күні _____)</p> <p><input type="checkbox"/> Бір реттен артық болды (неше рет? _____)</p> <p><input type="checkbox"/> Тұрақты (проблема қазір де бар)</p>	
<p>Проблеманы қалай шешу керек деп ойлайсыз?</p>	

1-қосымша – Хабаралманы есепке алу журналы

Төменде келтірілген үлгі мониторинг мақсаты үшін пікірлер, шағымдар мен хабарламаларды есепке алуға көмектеседі.

ТАӘ/Байланыс деректері	Алыңды	Шағым/пікір мәні	Жауапты	Қабылданған шаралар	Шағым шешілді